

**«Қаратөбе негізгі орта мектеп» КММ**  
**«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында атқарылған жұмыстардың**  
**жылдық аналитикалық есебі**  
**2025-2026 оқу жылы**

«Қаратөбе негізгі орта мектеп» КММ-де 2025–2026 оқу жылы барысында «Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында кешенді профилактикалық, құқықтық-психологиялық және түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жоба мектеп әкімшілігі, педагог-психологтар, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер және Төлеби АПБ ЖПҚБ КТІЖ УПИ инспекторымен бірлескен жоспар негізінде жүзеге асырылды.

Жобаның негізгі мақсаты – оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, буллингтің, құқықбұзушылықтың және түрлі қауіп-қатердің алдын алу болды.

**Әр бағыт бойынша жүргізілген жұмыстарға талдау**

- **Ювеналды полиция (ИДН) инспекторының бағыты:** Оқу жылы бойы оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында тұрақты кездесулер, дебаттар мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері, заң алдындағы жауапкершілігі нақты мысалдармен түсіндірілді. Қыз балалардың қауіпсіздігі мен ұлдардың бойындағы жауапкершілік қасиеттеріне ерекше мән берілді. Сондай-ақ, заманауи қауіптердің (вейп, темекі, пиротехника, кибербуллинг және интернеттегі қауіпсіздік) алдын алу шаралары уақытылы ұйымдастырылып, оқу жылының соңында түлектерге құқықтық кеңес берілді.

Жыл бойында:

- 12 профилактикалық кездесу;
  - 5 құқықтық түсіндіру жұмысы;
  - 3 бірлескен рейд және бақылау жұмысы;
  - 6 ақпараттық-түсіндіру сағаты ұйымдастырылды.
- **Мектеп психологтарының бағыты:** Психологиялық қызмет оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға және мектептегі жайлы ахуалды сақтауға бағытталды. Оқушылардың күйзеліске төзімділігін арттыру үшін «Бір сөзбен» ойыны, «Жақсы көңіл-күй – жан азығы» тренингтері мен «Таза ауа» тыныс алу жаттығулары өткізілді. Стресс пен агрессияны басқару, буллингтің психологиялық белгілерін анықтау бойынша «Жылы лебіз шеңбері» және «Қар қиындысы» сияқты шығармашылық сергіту сәттері ұйымдастырылды. Мамыр айында ҰБТ және емтихан алдындағы стрессті төмендету мақсатында түлектермен жеке және топтық психологиялық дайындық жұмыстары жүргізілді.

**Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде:**

- 5 оқушымен жеке консультация;
  - 8 топтық тренинг;
  - 11 психологиялық диагностика;
  - 8 профилактикалық әңгіме өткізілді.
- **Мектеп әкімшілігі мен Әлеуметтік педагогтың бағыты:** Ұйымдастыру және үйлестіру жұмыстары жоғары деңгейде атқарылды. Жобаның концепциясы мектеп әкімшілігімен таныстырылып, арнайы тіркеу дәптері жүргізілді. Тәуекел тобындағы оқушылардың тізімдері мен карталары ай сайын жаңартылып, сынып жетекшілерінен есептер жиналды. Әлеуметтік педагогпен бірге девиантты мінез-құлықтың себептері талданып, отбасылармен тығыз байланыс орнатылды. Мектеп ауласында тәртіпті сақтау мақсатында бірлескен рейдтер жоспарланып, іске асырылды.

Көрсеткіш	Саны
Тәуекел топтағы оқушылар	17
Жеке профилактикалық бақылауда болған оқушылар	3
Жеке кеңес алған ата-аналар	2
Үйге бару актілері	3
Қайта бақылауға алынған оқушылар	1

- **Мектеп медбикесінің бағыты:** Оқушылардың денсаулығы тұрақты бақылауда болды. Сабақ үстінде немесе үзілісте балалардың дене жарақаттарын уақытылы анықтау және ол туралы әкімшілікке жедел хабарлау механизмі жолға қойылды.

**SWOT Талдау**

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Инспектор, психолог және әкімшіліктің бірлескен, жүйелі жұмысы.</li> <li>• Тәуекел топтағы оқушылардың динамикасын ай сайын бақылау мүмкіндігі.</li> <li>• Кибербуллинг пен вейп сияқты заманауи өзекті тақырыптардың толық қамтылуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Девиантты мінез-құлықты оқушылармен жеке жұмыс істеуге бөлінетін уақыттың тапшылығы.</li> <li>• Кейбір ата-аналардың мектеп өміріне және профилактикалық шараларға қатысу белсенділігінің төмендігі.</li> </ul>
Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіп-қатерлер (Threats)
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ата-аналарға арналған</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Әлеуметтік желілер мен интернеттің</li> </ul>

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
<p>жадынамалар мен онлайн-ресурстарды көбейту.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мектеп ішіндегі өзін-өзі басқару ұйымдарын (еріктілерді) буллингке қарсы шараларға тарту.</li> </ul>	<p>балалар психологиясына кері әсерінің артуы.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жазғы демалыс кезінде балалардың қараусыз немесе бақылаусыз қалу қаупі.</li> </ul>

**Қорытындылай келе, «Қауіпсіз балалық шақ» жобасы 2025-2026 оқу жылында өз мақсатына жетті. Мектепте құқық бұзушылық пен буллинг оқиғаларының алдын алу шаралары жүйелі жүргізіліп, оқушылар арасында қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті қалыптасты. Жоспарланған шаралар толық көлемде орындалды.**


### **Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар**

- 1. Ата-аналармен жұмысты жүйелендіру:** Келесі оқу жылында тек оқушылармен ғана емес, ата-аналармен де киберқауіпсіздік және бала тәрбиесі бойынша тоқсандық семинар-тренингтерді жиілету.
- 2. Цифрлық форматты дамыту:** Қауіпсіздік ережелері мен жадынамаларды мектептің әлеуметтік желілерінде қысқа әрі қызықты видеороликтер форматында таратуды қолға алу.
- 3. Психологиялық скринингті ерте бастау:** Төмен көңіл-күй мен агрессия белгілерін анықтау мақсатындағы диагностикалық жұмыстарды алғашқы тоқсаннан (қыркүйек айынан) бастап енгізу.
- 4. Интерактивті әдістерді қолдану:** Дәріс оқу форматынан гөрі оқушылардың өздері белсенді қатысатын форум-театрлар, квест-ойындар мен пікірсайыстарды (дебаттарды) көбірек ұйымдастыру.

**Мектеп директоры:**  Е.М.Аширбаев

**ДТЖО:**  Б.Рахманов

**Төлеби АПБ ЖПҚБ КТІЖ УПИ**

**полиция капитаны:**  А.Айнабаев

**Мектеп психологы:**  А.Сулеева